

## Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 4 қазан N 1107. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1785 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлерінің саны 98 адам шегінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау

министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын ұстауға рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің алқа құрамы 7 адам болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік женіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 4 қазандығы  
N 1107 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі орталық аппаратының  
Құрылымы

Зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру басқармасы  
(жетекші)

Ардагерлер мен мүгедектер істері жөніндегі басқарма (жетекші)  
Зейнетақы қоры жөніндегі басқарма (жетекші)  
Экономика және қаржыландыру басқармасы (жетекші)

Бухгалтерлік есеп бөлімі

Заң бөлімі

Протездеу, протез құрастыру және мүгедектердің қоғамдық  
бірлестіктері жөніндегі бөлім

Есептеу жүйелері және зейнетақы мен жәрдемақыларды таратып  
беруді ұйымдастыру бөлімі

Кадр жұмысы және жалпы мәселелер бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК